e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні 15.09.2021
Сақтау күні 20.08.2026
Дата редакции 15.09.2021
Дата скачивания 20.08.2026

Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2016 жылғы 12 ақпандағы № 59 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 15 наурызда № 13458 болып тіркелді

Министерство энергетики Республики Казахстан

Иондандырушы сәулелену көздерін мемлекеттік есепке алу қағидаларын бекіту туралы

«Атом энергиясын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 12) тармақшасына және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 15.09.2021 № 290 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Иондандырушы сәулелену көздерін мемлекеттік есепке алу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Энергетика министрінің міндетін атқарушы **Б. Жақсалиев**

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитетінің
төрағасының міндетін атқарушы
_____ Б. Иманәлиев
2016 жылғы 12 ақпан

e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде
Редакциялау күні 15.09.2021
Сақтау күні 20.08.2026
Дата редакции 15.09.2021
Дата скачивания 20.08.2026

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2016 жылғы 12 ақпандағы
№ 59 бұйрығымен
бекітілген

Иондандырушы сәулелену көздерін мемлекеттік есепке алу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 21.09.2020 № 316 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Иондандырушы сәулелену көздерін мемлекеттік есепке алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Атом энергиясын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 12 қаңтардағы Заңының 6-бабының 12) тармақшасына сәйкес әзірленді және иондандырушы сәулелену көздерін есепке алу тәртібін айқындайды.

2. Иондандырушы сәулелену көздерін мемлекеттік есепке алу олардың қолда бар саны, орын ауыстыруы және оларды жұмыс істеген кездегі орналасқан жері мәліметтерді айқындау және жаңарту мақсатында жүзеге асырылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) алып қою деңгейі – ядролық материалдардың, радиоактивті заттар мен электрофизикалық қондырғылардың сипаттамаларын айқындайтын, уәкілетті орган белгілеген физикалық шама мәндері;

2) атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – атом энергиясын пайдалану саласындағы басқаруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

3) иондандырушы сәулелену көздері (бұдан әрі – сәулелену көздері) – радиоактивті заттар, құрамында радиоактивті заттар бар аппараттар немесе құрылғылар, сондай-ақ иондандырушы сәуле шығаратын немесе шығаруға қабілетті электрофизикалық аппараттар немесе құрылғылар;

4) иондандырушы сәулелену көздерімен жұмыс істеу – сәулелену көздерімен оларды дайындау, жеткізу, пайдалану, пайдалануға қосу және пайдаланудан шығару, өңдеу, монтаждау, жөндеу, техникалық қызметтер көрсету, зарядтау, қайта зарядтау, бөлшектеу, кәдеге жарату, консервациялау, тасымалдау, импорттау, экспорттау, кейіннен кәдеге жарату, сақтау, көму кезінде қолмен жасалатын және (немесе) автоматтандырылған операциялардың, әрекеттердің жиынтығы;

5) иондандырушы сәулелену көздерінің тізілімі (бұдан әрі – Тізілім) – иондандырушы сәулелену көздерін экспорттау мен импорттау кезінде орнын ауыстыру туралы мәліметтерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының аумағында олардың бар-жоғы, орын ауыстыруы және орналасқан жері туралы мәліметтердің ұдайы жаңартылып тұратын жиынтығын білдіретін, иондандырушы сәулелену көздерінің дерекқоры;

Осы Қағидаларда пайдаланылатын басқа ұғымдар Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 16.11.2017 № 386 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 15.09.2021 № 290 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

4. Радиациялық сипаттамалары «Атом энергиясын пайдалану саласында лицензиялауға жататын ядролық материалдар, радиоактивті заттар және электрофизикалық қондырғылар үшін алып қою деңгейлерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы энергетика министрінің 2021 жылғы 2 сәуірдегі № 116 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22501 болып тіркелген) белгілінген алу деңгейінен асатын сәулелену көздері мемлекеттік есепке алуға жатады.

Құрамында уран, торий және плутоний изотоптары бар радионуклидті көздер өзінің радиациялық сипаттамаларына қарамастан мемлекеттік есепке алынуы тиіс.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 21.09.2020 № 316 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.09.2021 № 290 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

5. Өрт дабылдамасының датчиктеріндегі радионуклидті көздерді, радиофармацевтикалық препараттарды, иммунологиялық талдауға арналған жинақтарды, медициналық мақсаттағы радиоизотоптық генераторларды, радионуклидтермен белгіленген қосылыстарды, 125-йодты қоса алғанда, жартылай ыдырау кезеңі 60 (алпыс) тәулікке дейінгі тіршілігі қысқа радионуклидтер негізіндегі радиоизотоптық препараттар мен ерітінділерді, сондай-ақ радиациялық сипаттамалары алу деңгейінен аспайтын сәулелену көздерін оларды пайдаланатын жеке және заңды тұлғалар есепке алады.

Жоғарыда көрсетілген сәулелену көздерінің бар-жоғы (жалпы саны және паспорттық деректері бойынша жиынтық белсенділігі) туралы мәліметтер уәкілетті органға жыл сайынғы түгендеу нәтижелері бойынша беріледі.

2-тарау. Сәулелену көздерін мемлекеттік есепке алу тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 21.09.2020 № 316 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1 параграф. Уәкілетті органға жеке және заңды тұлғалардың есептерді беру тәртібі

6. Сәулелену көздерін мемлекеттік есепке алуды уәкілетті орган олардың импорты мен экспортын қоса алғанда, олардың бар-жоғы, орын ауыстыруы және орналасқан жері туралы жеке және заңды тұлғалардың ұсынған есептері негізінде жүргізеді.

7. Уәкілетті орган сәулелену көздерінің бар-жоғы, орын ауыстыруы және орналасқан жері туралы алынған ақпаратқа талдау мен салыстыруды:

есепті ұсынған жеке және заңды тұлғаның тіркеу мәліметтері туралы ақпаратты тексеру;

жеке және заңды тұлғаның атом энергиясын пайдалану саласында тиісті қызмет түріне лицензияның бар болуын салыстыру;

тізілімде сәулелену көзі туралы мәліметтің болуы туралы ақпаратты салыстыру;

сәулелену көздерінің техникалық және радиациялық сипаттамаларын талдау;

Қазақстан Республикасына аумағына енгізілген немесе Қазақстан Республикасынан шығарылған сәулелену көздерінің импортына немесе экспортына лицензияның болуын салыстыру жолымен жүзеге асырады.

Талдау мен салыстыруды жүргізгеннен кейін сәулелену көздері туралы ақпарат Қазақстан Республикасының аумағында олардың бар-жоғы, орын ауыстыруы және орналасқан жері туралы жаңартылған мәліметтер Тізілімге енгізіледі.

8. Сәулелену көздерінің бар-жоғы және орын ауыстыруы туралы тізілімде қамтылған мәліметтер мемлекеттік органдарға олардың сұрау салуына сәйкес беріледі.

9. Уәкілетті органға жеке және заңды тұлғалар жіберетін есептер осы Қағидаларға 1-10 қосымшаларға сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандар түрінде ресімделеді (бұдан әрі - нысандар).

Нысандарды толтыру кезінде осы Қағидалардың 11-қосымшасында келтірілген операциялар коды пайдаланылады.

Жеке және заңды тұлғалармен қағаз және электронды тасымалдаушы нысандары мұқабалық хатпен бірге уәкілетті органға жіберіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 25.09.2019 № 315 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Есептерге жеке және заңды тұлғалар әзірлеген есепке алу тәртібі ішкі құжаттармен (нұсқаулықтармен) айқындалған сәулелену көздері туралы дәйекті деректер енгізіледі.

11. Есептерді сәулелену көздерінің меншік иесі болып табылатын және (немесе) оларды пайдалануды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар дайындаушылар, жеткізушілер, сондай ақ, пайдаланылмайтын радионуклидті көздерді және (немесе) радиоизотоптық аспаптарды ұзақ уақыт сақтауды немесе көмуді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар ұсынады.

2 параграф. Сәулелену көздерінің меншік иесі болып табылатын және (немесе) оларды пайдалануды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың есептерді ұсынуы

12. Есепті жылдан кейінгі 31 қаңтарға дейін (қоса алғанда) сәулелену кездерінің меншік иесі болып табылатын және (немесе) оларды пайдалануды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар уәкілетті органға:

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес (индекс: Ф1-ИСК нысаны) радионуклидті мәлімет және (немесе) радиоизотопты аспаптардың тізбесін; және (немесе);

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес (индекс: Ф2-ИГҚ нысаны) иондандырушы сәулеленуді генерациялайтын электрофизикалық қондырғылардың тізбесін; және (немесе);

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес (индекс: Ф3-НГ нысаны) нейтрондық генераторлардың және (немесе) нейтрондық түтікшелердің тізбесін жібереді.

Егер есепті кезеңде жеке және заңды тұлғалар сәулелену көздерін алса немесе берсе уәкілетті органға:

осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес (индекс: Ф4-ИСК нысаны) радионуклидті көздердің және (немесе) радиоизотопты аспаптардың орын ауыстыруы туралы есеп, және (немесе);

осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес (индекс: Ф5-ИГҚ нысаны) иондандырушы сәулеленуді генерациялайтын электрофизикалық қондырғылардың орын ауыстыруы туралы есеп; және (немесе);

осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес (индекс: Ф6-НГ нысаны) нейтрондық генераторлардың және (немесе) нейтрондық түтікшелердің орын ауыстыруы туралы есеп жібереді.

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес (индекс: Ф2-ИГҚ нысаны) иондандырушы сәулеленуді генерациялайтын электрофизикалық қондырғылардың тізбесін есеп беру кезеңінде егер бар саны туралы ақпарат жаңартылған жағдайда ұсынылады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 25.09.2019 № 315 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Сәулелену көздерін әрбір алғаннан немесе бергеннен кейін он жұмыс күні ішінде сәулелену көздерінің меншік иесі болын табылатын және (немесе) оларды пайдалануды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың уәкілетті орғанға:

осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес (индекс: Ф4-ИСК нысаны) радионуклидті көздердің және (немесе) радиоизотопты аспаптардың орын ауыстыруы туралы есеп; және (немесе);

осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес (индекс: Ф5-ИГҚ нысаны) иондандырушы сәулелену генерациялайтын электрофизикалық қондырғылардың орын ауыстыруы туралы есеп; және (немесе);

осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес (индекс: Ф6-НГ нысаны) нейтрондық генераторлардың және (немесе) нейтрондық түтікшелердің орын ауыстыруы туралы есеп жібереді.

14. Сәулелену кездерін әрбір уақытша пайдалануға (жалуға) бергеннен кейін, сондай ақ жұмыс аяқталғаннан кейін жеке және заңды тұлғалар (иесі және жалға алушы) он жұмыс күні ішінде уәкілетті орғанға:

осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес (индекс: Ф4-ИСК нысаны) радионуклидті көздердің және (немесе) радиоизотопты аспаптардың орын ауыстыруы туралы есеп; және (немесе);

осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес (индекс: Ф5-ИГҚ нысаны) иондандырушы сәулеленуді генерациялайтын электрофизикалық қондырғылардың орын ауыстыруы туралы есеп; және (немесе);

осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес (индекс: Ф6-НГ нысаны) нейтрондық генераторлардың немесе (және) нейтрондық түтікшелердің орын ауыстыруы туралы есеп жібереді.

3 параграф. Сәулелену көздерін дайындаушылар болып табылатын жеке немесе заңды тұлғалардың есептерді ұсынуы

15. Әрбір сәулелену көздерін сатқаннан кейін он жұмыс күні ішінде жеке және заңды тұлғалар - дайындаушылар уәкілетті органға:

осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес (индекс: Ф4-ИСК нысаны) радионуклидті көздердің және (немесе) радиоизотопты аспаптардың орын ауыстыруы туралы есеп; және (немесе);

осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес (индекс: Ф5-ИГҚ нысаны) иондандырушы сәулеленуді генерациялайтын электрофизикалық қондырғылардың орын ауыстыруы туралы есеп; және (немесе);

осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес (индекс: Ф6-НГ нысаны) нейтрондық генераторлардың және (немесе) нейтрондық түтікшелердің орын ауыстыруы туралы есеп жібереді.

16. Есепті жылдан кейінгі 31 қаңтарға дейін (қоса алғанда) жеке және заңды тұлғалар - дайындаушылар уәкілетті органға:

осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес (индекс: Ф4-ИСК нысаны) радионуклидті көздердің және (немесе) радиоизотопты аспаптардың орын ауыстыруы туралы есеп; және (немесе);

осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес (индекс: Ф5-ИГҚ нысаны) иондандырушы сәулеленуді генерациялайтын электрофизикалық қондырғылардың орын ауыстыруы туралы есеп; және (немесе);

осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес (индекс: Ф6-НГ нысаны) нейтрондық генераторлардың немесе (және) нейтрондық түтікшелердің орын ауыстыруы туралы есеп жібереді.

Егер жеке және заңды тұлғалардың - дайындаушылардың теңгерімінде дайындалған, бірақ есепті кезеңде сатылмаған сәулелену көздері болған жағдайда, уәкілетті органға:

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес (индекс: Ф1-ИСК нысаны) радионуклидті көздердің және (немесе) радиоизотопты аспаптардың тізбесі; және (немесе);

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес (индекс: Ф2-ИГҚ нысаны) иондандырушы сәулелену генерациялайтын электрофизикалық қондырғылардың тізбесі; және (немесе);

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес (индекс: ФЗ-НГ нысаны) нейтрондық генераторлардың және (немесе) нейтрондық түтікшелердің тізбесі жібереді.

4 параграф. Сәулелену көздерін жеткізушілер болып табылатын жеке немесе заңды тұлғалардың есептерді ұсынуы

17. Сәулелену кездерін әрбір сатқаннан (жеткізгеннен) және (немесе) тасымалдаудан кейін он жұмыс күні ішінде жеке және заңды тұлғалар-жеткізушілер уәкілетті органға:

осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес (индекс: Ф7-ИСК нысаны) радионуклидті көздердің және (немесе) радиоизотопты аспаптарды жеткізу туралы есеп; және (немесе);

осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес (индекс: Ф2-ИГҚ нысаны) иондандырушы сәулелену генерациялайтын электрофизикалық қондырғыларды жеткізу туралы есеп; және (немесе);

осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес (индекс: Ф9-НГ нысаны) нейтрондық генераторларды немесе (және) нейтрондық түтікшелерді жеткізу туралы есеп жібереді.

18. Есепті жылдан кейінгі 31 қаңтарға дейін (қоса алғанда) жеке және заңды тұлғалар - жеткізушілер уәкілетті органға:

осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес (индекс: Ф7-ИСК нысаны) радионуклидті көздерді және (немесе) радиоизотопты аспаптарды жеткізу туралы есеп; және (немесе);

осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес (индекс: Ф2-ИГҚ нысаны) иондандырушы сәулеленуді генерациялайтын электрофизикалық қондырғыларды жеткізу туралы есеп; және (немесе);

осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес (индекс: Ф9-НГ нысаны) нейтрондық генераторларды және (немесе) нейтрондық түтікшелерді жеткізу туралы есеп жібереді.

Егер жеке және заңды тұлғалар - жеткізушілер теңгерімінде есепті кезеңде сатылмаған сәулелену көздері болса, уәкілетті органға:

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес (индекс: Ф1-ИСК нысаны) радионуклидті көздердің немесе (және) радиоизотопты аспаптардың тізбесін; және (немесе);

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес (индекс: Ф2-ІІГҚ нысаны) иондандырушы сәулеленуді генерациялайтын электрофизикалық қондырғылардың тізбесін; және (немесе);

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес (индекс: Ф3-НГ нысаны) нейтрондық генераторлардың және (немесе) нейтрондық түтікшелердің тізбесін жібереді.

5 параграф. Пайдаланылмайтын радионуклидті көздерді және (немесе) радноизотоптық аспаптарды ұзақ уақыт сақтауды немесе көмуді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың есептерді ұсынуы

19. Көму паспортын ресімдегеннен кейін он жұмыс күні ішінде пайдаланылмайтын радионуклидті көздерді және (немесе) радиоизотоптық аспаптарды ұзақ уақыт сақтауды немесе көмуді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар уәкілетті органға:

осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес (индекс: Ф10-ИСК нысаны) ұзақ уақыт сақтауға немесе көмуге алынған радионуклидті көздер және (немесе) радиоизотоптық аспаптар туралы есеп жібереді.

20. Есепті жылдан кейінгі 31 қаңтарға дейінгі мерзімде (қоса алғанда) пайдаланылмайтын радионуклидті көздерді және (немесе) радиоизотоптық аспаптарды ұзақ уақыт сақтауды немесе көмуді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар уәкілетті органға:

осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес (индекс: Ф10-ИСК нысаны) есепті кезеңде ұзақ уақыт сақтауға (көмуге) алынған радионуклидті көздер және (немесе) радиоизотоптық аспаптар туралы жиынтық мәлімет бар ұзақ уақыт сақтауға немесе көмуге алынған пайдаланылмайтын радионуклидті көздер және (немесе) радиоизотоптық аспаптар туралы есеп жібереді.

6 параграф. Сәулелену көздерін экспорты мен импортын жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың есептерді ұсынуы

21. Жеке және заңды тұлғалар болжамды импорт күніне дейін 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей уәкілетті органға осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес жоспарланған қауіптілігі 1 және 2 санатты жабық радионуклидті көздерді алу (импорты) туралы алдын ала хабарлама жібереді.

22. Жеке және заңды тұлғалар болжамды экспорт күніне дейін 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей уәкілетті органға осы Қағидаларға 12-косымшаға сәйкес қауіптілігі 1 және 2 санаттағы жабық радионуклидті көздерді тиеу (экспорты) туралы алдын ала хабарлама жібереді.

Қауіптілігі 1 және 2 санаттағы жабық радионуклидті көздердің жоспардан тыс экспорты немесе импорты жағдайында алдын ала жазбаша хабарлама шешім қабылдағаннан кейін дереу уәкілетті органға жіберіледі.

23. Қауіптілігі 1 және 2 санаттағы жабық радионуклидті көздердің экспорты немесе импорты нақты орындалғаннан кейін жеке және заңды тұлғалар уәкілетті органға тауарларға арналған декларацияның көшірмесі жібереді.

e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде
Редакциялау күні 15.09.2021
Сақтау күні 20.08.2026
Дата редакции 15.09.2021
Дата скачивания 20.08.2026

Иондандырушы сәулелену
көздерін мемлекеттік есепке
алу қағидаларына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда -ҚР Энергетика министрінің м.а. 25.09.2019 № 315 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.09.2021 № 290 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік онкүн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Әкімшілік деректер нысаны

«Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті» мемлекеттік мекемесіне ұсынылады.

Әкімшілік деректер нысаны www.kaenk.energo.gov.kz интернет-ресурсына орналастырылған

Радионуклидті көздердің және (немесе) радиоизотоптық аспаптардың тізбесі

Әкімшілік деректер нысанының индексі: Ф1-ИСК нысаны

Мерзімділігі: жылдық

Есептік кезең: 20___ жыл

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы:

радионуклидті көздердің және (немесе) радиоизотоптық аспаптардың меншік иесі болып табылатын және (немесе) оларды пайдалануды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар;

есебінде дайындалған, бірақ өткізілмеген радионуклидті көздер және (немесе) радиоизотоптық аспаптар бар жеке және заңды тұлғалар - дайындаушылар;

есебінде алынған, бірақ өткізілмеген радионуклидті көздер және (немесе) радиоизотоптық аспаптар бар жеке және заңды тұлғалар - жеткізушілер.

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі:

жыл сайын, есепті жылдан кейінгі 31 қаңтарға дейінгі (қоса алғанда) мерзімде және (немесе) кезектен тыс түгендеу актісін ресімдегеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде.

Радионуклидті көздердің және (немесе) радиоизотоптық аспаптардың тізбесі											Нысан Ф1-ИСК	
р/н	Операцияның коды	Радионуклидті көздің нөмірі	Паспорттың нөмірі	Радионуклидті көздің түрі	Радионуклид	Белсенділік, Беккерель (паспорт бойынша	Дайындалған күн	Қызмет мерзімі	Сәулелену түрі	Мөлшері, дана	Радиоизотоптық аспаптың атауы немесе қорғаныш контейнерінің (блогының) түрі	Радиоизотоптық аспаптың немесе қорғаныш контейнерінің (блогының)* нөмірі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13

Кестенің жалғасы

Радионуклидті көздердің және (немесе) радиоизотоптық аспаптардың тізбесі			Нысан Ф1-ИСК
Мәртебесі	Мақсаты	Орналасқан орны	Ескертпе
14	15	16	17

Атауы _____ Мекенжайы _____

_____ _____

Телефондар _____

Электрондық поштаның мекенжайы _____

Орындаушы _____ _____

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) қолы, телефондар

Басшы немесе оның міндеттерін атқаратын адам _____ _____

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) қолы

Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)

Әкімшілік деректер нысанды толтыру бойынша түсініктеме «Радионуклидті көздердің және (немесе) радиоизотоптық аспаптардың тізбесі» (Ф1-ИСК, жылдық)

1. Жалпы талаптар:

1) нысанға оның пайдаланылатынына немесе пайдаланылмайтынына қарамастан теңгерімде (есепте) тұрған барлық радионуклидті көздер және (немесе) радиоизотоптық аспаптар туралы деректер енгізіледі.

Нысан радиоизотоптық аспапта радионуклидті көз болмаған жағдайда да толтырылады;

2) сәулелену көзінің әрбір сипаттамасы жазбаның ұзындығына қарамастан кестенің бір бағанына (ұяшыққа) енгізіледі;

3) сәулелену көзінің сипаттамасының бір жазбасын әртүрлі ұяшыққа бөлуге және ауыстыруға болмайды;

4) бірнеше сәулелену көздері үшін ұқсас ақпараты бар ұяшықтарды біріктіруге немесе жалпы қабылданған белгілерді (мысалы, -«- немесе -----) келесі ұяшықта алдындағымен бірдей ақпарат бар екендігін көрсету үшін қолдануға болмайды;

5) егер ақпарат бағанға сыймаған немесе аббревиатура қолданылған жағдайда нысанға қосымша ресімделеді, ал тиісті бағанға жазба жасалады (№__қосымшаны қара... парақта). Қосымшаға толық ақпарат енгізіледі немесе аббревиатураның толық мағынасы беріледі.

2. Жеке тұлға толтырған қағаз жеткізгіштегі нысанға орындаушы (сәулелену көздерін есепке алуға жауапты адам) қол қояды;

заңды тұлға толтырған қағаз жеткізгіштегі нысанға орындаушы (сәулелену көздерін есепке алуға жауапты адам), бірінші басшы (ол болмаған кезеңде оның орнындағы адам) қол қояды және мөрмен куәландырады (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғаларды қоспағанда).

3. Нысан былайша толтырылады:

1) «р/н» деген 1-бағанда рет бойынша жазбаның нөмірі көрсетіледі;

2) «Операцияның коды» деген 2-бағанда осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес «ИНВ» деген немесе «ВИНВ» деген операцияларының коды көрсетіледі;

3) «Радионуклидті көздің нөмірі» деген 3-бағанда дайындаушы зауыт берген паспортқа (сертификатқа) сәйкес радионуклидті көздің нөмірі көрсетіледі. Сөздердің орфографиясы және бас әріптердің қысқартусыз және артық аралықсыз жазылуы сақталады;

4) «Паспорттың нөмірі» деген 4-бағанда дайындаушы зауыт берген, бірдей нөмірі бар радионуклидті көзге немесе радионуклидті көздердің жиынтығына (партиясына) паспорттың (сертификаттың) (бұдан әрі – Паспорт) нөмірі көрсетіледі. Сөздердің орфографиясы және бас әріптердің қысқартусыз және артық аралықсыз жазылуы сақталады;

5) «Радионуклидті көздің түрі» деген 5-бағанда Паспортқа сәйкес бірдей нөмірі бар радионуклидті көздің немесе радионуклидті көздердің жиынтығының (партиясының) түрі көрсетіледі. Сөздердің орфографиясы және бас әріптердің қысқартусыз және артық аралықсыз жазылуы сақталады;

6) «Радионуклид» деген 6-бағанда Паспортқа сәйкес радионуклидтің атауы көрсетіледі.

Егер радионуклидті көзде изотоптардыңсаны екеуден аспаса, радионуклидтің толық атауы жазылады. Мысалы: Цезий-137, Стронций-90+Иттрий-90. Егер радионуклидті көздің (жинақтың) құрамына екеуден көп изотоп кіретін болса, былай жазуға рұқсат етіледі: Pu-238+U-233+Pu-239;

7) «Белсенділік, Беккерель (Паспорт бойынша)» деген 7-бағанда Паспортқа сәйкес Беккерельге қайта есептегенде, радионуклидті көздің белсенділігінің тек қана сандық мәні көрсетіледі. Жазба пішіні: 2,35E+9.

Кюриде (Ки) көрсетілген радионуклидті көздің белсенділік мәні Бк = Ки×3, 7×10^{10} формуласы бойынша қайта есептеледі.

Егер, радионуклидті көздің белсенділігін анықтау мүмкін болмаған жағдайда (мысалы, күрделі изотоптық құрам болған жағдайда) немесе дозаның қуаты мәлім болған жағдайда, оның мәні «Ескертпе» деген бағанға енгізіледі;

8) «Дайындалған күні» деген 8-бағанда Паспортқа сәйкес радионуклидті көздің дайындалған күнінің сандық мәні көрсетіледі;

9) «Қызмет мерзімі» деген 9-бағанға Паспортқа сәйкес белгіленген қызмет мерзімінің тек сандық мәні енгізіледі;

Қызмет мерзімі ұзартылған радионуклидті көздер үшін Паспортқа және ұзартылғаны туралы қорытынды (сертификат) бойынша қызмет мерзімінің жиынтығы көрсетіледі. «Ескертпе» деген бағанға мынадай: қызмет мерзімі ұзартылған деген жазба енгізіледі. Нысанға радионуклидті көздің қызмет мерзімі ұзартылғаны туралы актінің (сертификаттың) көшірмесі қоса беріледі.

10) «Сәулелену түрі» деген 10-бағанда Паспортқа сәйкес радионуклидті көздің сәулелену түрі көрсетіледі (мысалы, альфа, бета, гамма, нейтрондар). Егер радионуклидті көздің сәулелену спектрі күрделі сипатта болса, онда

α, β, γ, η жазуға рұқсат етіледі;

11) «Мөлшері, дана» деген 11-бағанда радионуклидті көздердің мөлшерінің сандық мәні ғана көрсетіледі.

Егер данадан басқа өлшем бірлігі пайдаланылатын болса, мөлшері «Ескертпе» деген бағанда көрсетіледі (мысалы,1 литр (л), 1 килограмм (кг));

12) «Радиоизотоптық аспаптың атауы немесе қорғаныш контейнерінің (блогының) түрі» деген 12-бағанда:

егер радионуклидтік көз оның ажырамас бөлігі болып табылса, радиоизотоптық аспаптың атауы (түрі, үлгісі); немесе

радиоизотоптық аспаптың өлшеу бөлігінен бөлек қолданылатын немесе одан алынатын және бөлек сақталатын радионуклидті көз тұрақты орналасқан қорғаныш контейнерінің (блогының) түрі (маркасы, үлгісі); немесе

нысанды толтыру кезінде жұмыс аяқталғаннан кейін (мысалы, каротаж геофизикалық зерттеулер) радиоизотоптық аспаптан алынатын радионуклидті көз орналасқан қорғаныш контейнерінің (блогының) түрі (маркасы, үлгісі).

13) «Радиоизотоптық аспаптың немесе қорғаныш контейнерінің (блогының) нөмірі» деген 13-бағанда 12-бағанда көрсетілген радиоизотоптық аспаптың немесе қорғаныш контейнерінің (блогының) нөмірі көрсетіледі;

14) «Мәртебесі» деген 14-бағанға «қолданылады» немесе «қолданылмайды» деген жазулардың бірі енгізіледі.

«Пайдаланылмайды» деген мәртебе радионуклидті көз немесе радиоизотоптық аспап ұзақ уақыт (1 айдан көп) қолданылмайтын жағдайда, мысалы, уақытша сақтауда, көмуге беруге дайындалған, резерв ретінде сақталса көрсетіледі;

15) «Мақсаты» деген 15-бағанда радионуклидті көздің немесе радиоизотоптық аспаптың (мысалы: дефектоскопия, каротаж, сәулелі терапия, қалыңдықты бақылау, деңгейді бақылау, тығыздықты бақылау) қолданылу саласы көрсетіледі;

16) «Орналасқан орны» деген 16-бағанда радионуклидті көздің немесе радиоизотоптық аспаптың нысанды толтыру сәтінде орналасқан орны көрсетіледі (мысалы: бөлімнің атауы, бөлменің №, цехтың №, сақтау орны, ұяшықтың №);

17) «Ескертпе» деген 17-бағанға ақпаратты нақтылау үшін қажетті барлық түсініктемелер енгізіледі.

e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде
Редакциялау күні 15.09.2021
Сақтау күні 20.08.2026
Дата редакции 15.09.2021
Дата скачивания 20.08.2026

Иондандырушы сәулелену
көздерін мемлекеттік есепке алу
қағидаларына 2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 25.09.2019 № 315 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.09.2021 № 290 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Әкімшілік деректер нысаны

«Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті» мемлекеттік мекемесіне ұсынылады.

Әкімшілік деректер нысаны www.kaenk.energo.gov.kz интернет-ресурсына орналастырылған

Иондандырушы сәулеленуді генерациялайтын электрофизикалық қондырғылардың тізбесі

Әкімшілік деректер нысанының индексі: Ф2-ИГҚ нысаны

Мерзімділігі: жылдық

Есепті кезең: 20___ жыл

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы:

рентген аппараттары мен медициналық және медициналық емес мақсаттағы үдеткіштерді қоса алғанда, иондандырушы сәулеленуді генерациялайтын электрофизикалық қондырғылардың меншік иесі болып табылатын және (немесе) оларды пайдалануды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар, егер есепті кезеңде рентген аппараттары мен медициналық және медициналық емес мақсаттағы үдеткіштерді қоса алғанда, иондандырушы сәулеленуді генерациялайтын электрофизикалық қондырғылардың қолда бар саны туралы мәліметтер жаңарған болған жағдайда;

есебінде дайындалған, бірақ сатылмаған рентген аппараттарын және медициналық және медициналық емес мақсаттағы үдеткіштерді қоса алғанда,

иондандырушы сәулеленуді генерациялайтын электрофизикалық қондырғылары бар жеке және заңды тұлғалар-дайындаушылар;

есебінде алынған, бірақ сатылмаған рентген аппараттарын және медициналық және медициналық емес мақсаттағы үдеткіштерді қоса алғанда, иондандырушы сәулеленуді генерациялайтын электрофизикалық қондырғылары бар жеке және заңды тұлғалар-жеткізушілер.

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі:

жыл сайын, есепті жылдан кейінгі 31 қаңтарға дейінгі (қоса алғанда) мерзімде немесе кезектен тыс түгендеу актісін ресімдегеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде.

Иондандырушы сәулеленуді генерациялайтын электрофизикалық қондырғылардың тізбесі Нысан Ф2-ИГҚ

р/н	Операцияның коды	Қондырғының атауы	Зауыт нөмірі	Паспорттың нөмірі	Дайындалған күні	Ұтқырлығы	Мәртебесі	Мақсаты	Орналасқан орны	Түгендеу нөмірі (егер белгіленген болса)	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

Атауы _____ Мекенжайы _____

_____ _____

Телефондар _____

Электрондық поштаның мекенжайы _____

Орындаушы _____ _____

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) қолы, телефондар

Басшы немесе оның міндеттерін атқаратын адам _____ _____

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) қолы

Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)

e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде
Редакциялау күні 15.09.2021
Сақтау күні 20.08.2026
Дата редакции 15.09.2021
Дата скачивания 20.08.2026

Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсініктеме «Иондандырушы сәулелендіруді генерациялайтын электрофизикалық қондырғылардың тізбесі» (Ф2-ИГҚ, жылдық)

1. Жалпы талаптар:

1) нысанға пайдаланатынына немесе пайданылмайтынына қарамастан теңгерімде (есепте) тұрған барлық электрофизикалық қондырғылар туралы деректер енгізіледі;

Нысан электрофизикалық қондырғыда иондандырушы сәулелену генераторы (мысалы, рентген түтікшесі) болмаған жағдайда да толтырылады;

2) электрофизикалық қондырғының әрбір сипаттамасы жазбаның ұзындығына қарамастан кестенің бір бағанына (ұяшыққа) енгізіледі. Сөздердің орфографиясы және бас әріптердің қысқартусыз және артық аралықсыз жазылуы сақталады;

3) электрофизикалық қондырғының сипаттамасының бір жазбасын әртүрлі ұяшыққа бөлуге және ауыстыруға, сол сияқты кестенің әртүрлі жолдарындағы ұяшықтарды біріктіруге болмайды;

4) бірнеше электрофизикалық қондырғы үшін ұқсас ақпараты бар ұяшықтарды біріктіруге немесе жалпы қабылданған белгілерді (мысалы -«- немесе -----) келесі ұяшықта алдындағымен бірдей ақпарат бар екендігін көрсету үшін қолдануға болмайды;

5) егер ақпарат бағанға сыймаған немесе аббревиатура қолданылған жағдайда нысанға қосымша ресімделеді, ал тиісті бағанға жазба жасалады (№__қосымшаны қара... парақта). Қосымшаға толық ақпарат енгізіледі немесе аббревиатураның толық мағынасы беріледі.

2. Жеке тұлға толтырған қағаз жеткізгіштегі нысанға орындаушы (сәулелену көздерін есепке алуға жауапты адам) қол қояды;

заңды тұлға толтырған қағаз жеткізгіштегі нысанға орындаушы (сәулелену көздерін есепке алуға жауапты адам), бірінші басшы (ол болмаған кезеңде оның орнындағы адам) қол қояды және мөрмен куәландырады (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғаларды қоспағанда).

3. Нысан былайша толтырылады:

1) «р/н» деген 1-бағанда рет бойынша жазбаның нөмірі көрсетіледі;

2) «Операцияның коды» деген 2-бағанда осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес «ИНВ» немесе «ВИНВ» операцияларының коды көрсетіледі;

3) «Қондырғының атауы» деген 3-бағанға электрофизикалық қондырғының атауы (моделі) (мысалы, 12Ф7, Alpha ST, RAPISCAN, Арина-02) ғана енгізіледі;

4) «Зауыт нөмірі» деген 4-бағанда дайындаушы зауыт берген Паспортқа (сертификатқа) сәйкес электрофизикалық қондырғының нөмірі көрсетіледі;

5) «Паспорттың нөмірі» деген 5-бағанда электрофизикалық қондырғының дайындаушы зауыт берген паспорттың (сертификаттың) (бұдан әрі - Паспорт) нөмірі көрсетіледі;

6) «Дайындалған күн» деген 6-бағанда Паспортқа сәйкес электрофизикалық қондырғының дайындалған күнінің сандық мәні көрсетіледі;

7) «Ұтқырлығы» деген 7-бағанда стационарлық, жазылмалы, тасымалды мәндерінің бірі көрсетіледі;

8) «Мәртебесі» деген 8-бағанда «қолданылады» немесе «қолданылмайды» деген жазулардың бірі көрсетіледі.

«Пайдаланылмайды» деген мәртебесі электрофизикалық қондырғы ұзақ уақыт (1 айдан астам) пайдаланылмаған жағдайда көрсетіледі, мысалы, уақытша сақтауда тұрған, есептен шығаруға және (немесе) бөлшектеуге дайындалған, резерв ретінде сақталатын;

9) «Мақсаты» деген 9-бағанда электрофизикалық қондырғының қолданылу саласы көрсетіледі (мысалы: дефектоскопия, каротаж, сәулелік терапия, қалыңдығын бақылау, деңгейін бақылау, тығыздығын бақылау);

10) «Орналасқан орны» деген 10-бағанда нысанды толтыру кезіндегі электрофизикалық қондырғының орналасқан орны көрсетіледі (мысалы, бөлімшенің атауы, бөлменің №, цехтың №, қойма);

11) «Түгендеу нөмірі» деген 11-бағанда бухгалтерия берген электрофизикалық қондырғының түгендеу нөмірі (егер белгілінген) көрсетіледі;

12) «Ескертпе» деген 12-бағанға ақпаратты нақтылау үшін қажетті барлық түсініктемелер енгізіледі.

e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
